

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Ораз Рсай Ержанқызы

Rsai_96_1005@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент М.Б.Мұратханова

Халықаралық заңдастық әлемде әскери қақтығыстардың әрбір сағат сайын басталуы қауіпмен таныс. Мұндай қақтығыстардың кезінде Халықаралық құқық нормаларының бұзылатыны белгілі, яғни бұл Халықаралық қылмыс болып табылады. Бүгінгі таңға дейін олардың көлемі мұндай деңгейге жеткен емес. Міне сондықтан да Халықаралық қылмыстық соттың дұрыс қызмет етуіне көп күш қажет соттың құлдыруына қарсы болғандардың көпшілігінің пікірінше мемлекеттердің ұлттық қылмыстық жүйесінде Халықаралық қылмыстардың құрамының бәрі бар және мұндай істерді өздері қарай алады. Бірақ ұлттық сот жүйелері Халықаралық қылмыс сияқты ауқымды құбылыспен күресе алмайды, мұны практика дәлелдеуде. Осы жерде БҰҰ-ның адам құқы бойынша бас комиссары Хосе Айел Лассонның адамды өлтіріп емес, бірақ адамды өлтіріп сотталуына мүмкіндік көп деген сөзі ойға келеді. Шын мәнінде Халықаралық қылмыс сияқты ауыр қылмыстарды қарау үшін ұлттық әділ сот жүйесінен бөлек басқа да механизм керек. Бұл жерде ұлттық сот жүйесінің қызметіне күмән келтірмейді. Ұлттық деңгейде олар өз міндеттерін орындауда, бірақ Халықаралық қылмыстар тек ұлттық мүдде шеңберінен шығып кетеді, сондықтан да олар өте қиынға соғады. Міне сондықтан да Халықаралық қылмыстық соттың құрылуына қажеттілік туды.

Бұл қылмыстар құрамы жағынан да, ауқымы жағынан да, өзінің салдары бойынша да тек ұлттық (ішкі) қылмыстық құқық бойынша қылмыстық деп табылатын қарапайым қылмыстық әрекеттер категориясынан өзгеше.

Геноцид – қазіргі заманғы халықаралық құқық бойынша халықаралық қылмыс саналатын ең қауіпті әрекет.

Адамзат өркениетінде, бүгінгі таңда геноцид деп аталатын сұмдық әрекеттердің салдарынан орасан зор шығынға ұшырап отырған. Халықаралық-құқықтық ғылымда «геноцид» ұғымы 1944 жылы пайда болды. Сол жылы поляк заңгері Р. Лемкин гректің *genos* – «ру» немесе «тайпа» және латынның *cide* – «адам өлтіру» деген сөзі [1, 19 б.].

Заң ғылымдарының докторы Ю.Г. Барсегов былай деген «Р. Лемкин жаңа қылмыс ойлап тапқан жоқ, ол адамдарды жаппай қыруға бағытталған халықаралық құқық нормаларын бұзу қылмыстарының сол кезде бар ұғымын нақты терминмен толықтырды» деді [2, 24 б.].

«Геноцид» термині 20-ғасырдың орта тұсында пайда болды. Р. Лемкин «геноцид – ұлтты көзді ашып-жұмғанша жойып жіберу дегенді білдірмейді, бұл ұлтты немесе этникалық топты жою мақсатында алдымен оның құрылымын жоюға бағытталған ұйымдасқан әрекет болып табылады» дейді [1, 43 б.].

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанға дейін адамзат адамдарды жаппай қырып-жоюды тоқтатуды түсініп, халықаралық құқықтың кемшілігін анықтады. 1948 жылы БҰҰ геноцид қылмыстарының алдын алу және жазалау туралы конвенциясы қабылданғанға дейін қылмыстар үшін жауапқа тартатын заңдық нормалары болмаған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әскери трибуналдардың құрылуы геноцидтің алдын алуға бағытталған халықаралық құқықтық база қалыптастыруға алғашқы қадам.

Лебедеваның «екінші дүниежүзілік соғысты бастау арқылы гитлершіл Германия Гаага және Женева конвенциялары бекіткен соғыс жүргізу ережелерін елеуіз қалдырды. Германия халықаралық құқықтың ешқандай нормаларымен, адамзат моралінің ешқандай талаптарымен санасқан жоқ. Ең қатігез әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, әскери мұқтаждықсыз елді-

мекендерді жермен-жексен етіп, бейбіт тұрғындарды жаппай өлтіріп, әскери тұтқындар мен бейбіт тұрғындарға жан азабын келтіріп, аяусыз азаптады» [3, 6 б.].

«Геноцид» ұғымының қалыптасуына түрткі болған жайлар .

Армян халқы геноцидінің тарихы бір жағынан, зерттеліп жатқан саладағы сол кездің халықаралық құқығында ілгерілеушілік болса, екінші жағынан, армяндар геноцидінен кейін бірнеше ондаған жыл өткен соң Германия мен Европадағы еврейлер геноцидіне жол берген. 20-ғасырдың бірінші жартысында Түркия үкіметі армяндарды жаппай қырып-жоюды жүргізді. 1914 пен 1918 жыл аралығында және 1922 мен 1923 жылы армяндарды қырып-жою тұңғыш рет халықаралық резонанс туғызып, заңгерлердің осы қылмысты зерттеуден пайда болды. «Арменоцид» термині геноцидтің алдын алуға арналған 1967 жылдың маусымында Парижде өткен Екінші халықаралық конгрессте қолданылды. «Арменоцид» деп атаған ливандық заңгер Метр Муса Пренс «армяндар геноцидін адамзат тарихында жазасыз қалған қылмыс» - деді [4, 12 б].

1915 жылдың 24 сәуірі – армяндар геноцидінің символына айналды. Осы күні Константинопольда 800 армян зиялылары қамауға алынып, өлтірілді. Бірінші дүниежүзілік соғыс алдында, Оттоман империясының аумағында 2 млннан астам армян өмір сүрген. 1915 жылы бір млнға жуық армян депортацияланып, азап лагерлерінен, аштықтан, індеттерден көз жұмды [5].

Жас түрік көсемдеріне негізгі екі айып тағылды: біріншісі, Иттихад жетекшілерін Түркия мен Түркия халқын басқыншылық соғысқа мәжбүрледі, екіншісі, армян халқын қырып-жойды деген. Иттихад партиясының «Бірлесу және прогресс» орталық комитеті ресми түрде де, құпия ұйым түрінде де әрекет жасады. Онда бұйрықтар ауызша беріліп отырды. Сот материалдарымен таныссақ, Иттихад көсемдері Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталғанын пайдаланып, Оттоман империясындағы армян ұлтын қырып-жоюдың неше түрлі әдіс-тәсілдерін қолданды. Жас түрік көсемдері өз жоспарларын жүзеге асыру үшін қылмыскерлерді түрмеден босатып, осы ұйымға мүшелікке қабылдады. Әскери трибунал қарастырған деректер бойынша қорытынды жасалды:

- елдегі жас түріктердің саяси билігі мемлекет пен халықтың мүддесіне қайшы шығарылған шешімдерге сүйене отырып жүргізілді;

- Түркия соғысқа Иттихад жетекшілерінің арандатуы салдарынан килікті;

- жас түріктер партиясы Конституциялық үкіметті елемей, елде жеке-дара билік құрды;

Армян халқын құрту барысында Иттихад партиясы түрлі әдіс-тәсілдер қолданды. Олардың жетім балаларға, науқастарға жүргізген медициналық тәжірибелері өлім-жітіммен аяқталды;

- «Иттихад ве терраки» саяси партиясының жетекшілері (ұсталмағандары сырттай) өлім жазасына кесілсін [6, 30 б.].

Жас түріктердің режимі құлағаннан кейін армян халқының геноциді, Түркия билігі бас әскери қылмыскерлерді соттап қайсарлық танытты. Екінші кезең 1920-1923 жылдар. Бұл уақытта армян халқын қуғын-сүргінге ұшыратып, қырып-жоюды түрік ұлтшылдары жүзеге асырды. 1923 жылы Кіші Азия мен Батыс Арменияның тарихи облыстарында армяндардың жекелеген топтары ғана қалды.

Геноцидтіңтағы бір көрінісі Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде еврейлерді өлтіру. 20-ғасырда геноцид қылмысының осы екі көрінісі қылмыс үшін халықаралық құқықтық жауапкершілік институтының қалыптасуы контекстінде маңызды және өзекті болып табылады.

Отандық заңнамада геноцид аса ауыр қылмыс. Соған қарамастан кез-келген қылмыстық әрекеттің қылмыстық жазаланушы міндетті белгілері болады. Мұндайға қандай да бір әрекетті қылмыс деп санауға негіз беретін қоғамға қауіптілік, құқыққа қарсы іс-әрекет, кінәлілік пен жазалану жатады.

Геноцидтің қоғамға қауіптілігі - қылмыстық заң мен халықаралық құқық қорғайтын қоғамдық қарым-қатынастарға айтарлықтай зиян келтіретін немесе осындай зиянның қауіпін төндіретін әрекеттердің (әрекетсіздіктер) объективті қасиеті.

Геноцидтің құқыққа қарсы қылмыстылығы – осы әрекетке қылмыстық заңмен тыйым салу. Қандай да бір әрекеттің құқыққа қарсы қылмыстылығы туралы мәселелерді шешу кезінде «Nullum crimen sine lege» принципі маңызды. Бұл жағдайда адамзат қауіпсіздігіне немесе бейбітшілікке қарсы қылмыстардың қылмыстық құқыққа қарсы сипаты қылмыстық заңмен бекітілген, яғни Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен және қабылданған халықаралық құқық нормаларымен тыйым салынған. Геноцид қылмыстарының қылмыстық құқыққа қарсы қылмыстылығы халықаралық құқықтық деңгейде геноцид қылмыстарының алдын алу және жазалау туралы 1948 жылғы Конвенцияда, ал ұлттық деңгейде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 168-бабында белгіленген [7].

Құқыққа қарсы қылмыстылықпен адамзат қауіпсіздігіне және бейбітшілікке қарсы қылмыстардың айыптылық пен жазалану сияқты белгілермен байланысты.

Геноцидтің қылмыстық жазалануы – қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстар үшін жаза қолдануды бекіту. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында тыйым салынған, адамзат қауіпсіздігіне және бейбітшілікке қарсы қылмысқа қатысы бар тұлға жазаға тартылады [7].

Геноцид қылмысының субъектісіне қатысты, 1948 жылғы БҰҰ Конвенциясының IV бабына сәйкес «III бапта көрсетілген геноцид немесе басқа қандай да бір әрекетті жасаушы тұлға конституция бойынша басқарушы, лауазымды немесе жекелеген тұлғалар болғанына қарамастан жазаға тартылады». Бұл нормада Конвенция геноцид қылмыстарының субъектісіне жеке тұлғаларды жатқызады. Қылмыс субъектісі қылмыстық жауапкершілікпен тікелей байланысты. Қылмыстық құрамның болуы (және оның бір элементі ретінде субъектінің) қылмыстық жауапкершілікке тартылудың нақты негізі болып табылады.

Геноцид қылмыстарының – субъективті жағына – Конвенция тікелей ниет формасындағы кінәні жатқызады: «Геноцид деп келесі әрекеттерді қарастыруға болады: қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтарды ішінара немесе толықтай жойып жіберу мақсатында жасалған әрекеттер» (Геноцид қылмыстарының алдын алу және жазалау туралы Конвенцияның II бабы).

Қылмыстың субъективті жағы кінәдан, себептен және мақсаттан құралады, кінәнің нақты түрін, қылмыстың себебі мен мақсатын сипаттайды. Геноцид қылмыстарының субъективті жағы деп субъектінің өзінің қоғамға қауіпті әрекетіне және оның қасақана жасалған немесе абайсызда орын алған салдарына деген психикалық қарым-қатынасы. Сонымен қатар қылмыстың себебі мен мақсаты жатқызылады. Мұндай қылмыстардың субъективті жағы, субъектінің пиғылын және мүддесін көрсетіп, мінез-құлықтың ішкі қайнарына қызмет етеді, әрі әрекеттің объективті жағын реттейді және бағыттайды.

Геноцидтің субъективті жағы тікелей қасақана әрекетпен сипатталады. Геноцидтің субъективті жағының құрамына заң шығару белгілері болып арнайы мақсат – ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтарды ішінара немесе толықтай жою жатады. Мұндай мақсат болмаған жағдайда геноцид құрамына объективті сәйкес әрекет 1948 жылғы Конвенцияның 2-бабында бекітілген норма бойынша да, көптеген мемлекеттердің, оның ішінде Қазақстанның да заң шығару нормалары бойынша да сипатталмайды. Бұл адам топтарын ішінара немесе толықтай жою мақсатының болуы геноцидті кейбір тыйым салынған құралдарды қолдану түрлерінен және соғыс жүргізу әдістерінен ерекшелендіреді.

Тыйым салынған құралдарды қолдану мен соғыс жүргізу әдістерін қолданудан геноцидтің айырмашылығы, оның жасалуы міндетті түрде әскери қақтығыспен байланысты. Егер геноцид соғыс жүріп жатқан кезде жасалса, онда кінәлі тұлғалардың әрекетін қылмыстар жиынтығы бойынша сипаттау қажет. Қылмыстық ниетті геноцидтің субъективті жағы ретінде енгізу туралы ұсыныс Конвенцияны талқылау кезінде пайда болып, оның барысында геноцидтің сипаттамасындағы ниеттің мазмұны мен орны туралы таластар мен дискуссиялар субъектілік элементтеріне қатысты екі мәселені анықтады. Біріншісі, адамдар топтарын жою дәлелдерінде ниеттің маңыздылығына байланысты болып, нәтижесінде зерттеушілердің пікірлері екі түрлі болды. Белгілі бір топты жоюды объективті дерек ретінде

карастыру дәлелдеудің тиімді құралы деп есептеп, геноцид актілерін адамдардың топтарын жоюға бағытталған нақты әрекет ретінде анықтауды ұсынады [8, 37 б.].

Екінші ұсынысты жақтайтындар геноцид жасаған мемлекеттің айыпты еместігі идеясына сүйеніп отыр. Сондықтан субъективті мақсатты дәлелдеудің ауыртпалығы қылмыстың құрбаны – мемлекеттіктен, территориядан және басқа да материалдық, саяси өзін-өзі таныту мүмкіндіктерінен айырылған халыққа жүктелді.

Екінші мәселе «топты толығымен жою» сөздеріне «немесе ішінара» сөзін қосу. Геноцид құрамды немесе адамдар тобының құрамын жоюдан бастап біртіндеп жүзеге асырылады. Геноцидтің «алдын алу» туралы мақсат геноцид туралы Конвенцияда да бекітілген. Егер геноцидті барлық адамдар тобын жою деп түсінсе, онда қылмысты Конвенцияның көмегімен болдырмау мүмкін емес [9, 33 б.].

Ю.Г. Барсегов көрсеткендей, геноцид үшін жазаға тартуда белгілі бір топқа жататын нәсілдік, ұлттық, немесе діни қауымға жататын барлық топты жоюға деген ниеттің болуы. Бұл қылмыстың құрамында адамдар тобын жоюды көздеген ниетті мойындау, оның функциясын құқық нормасынан айыру деген тұжырым. Геноцидтің қауіптілігі ниетте емес, салдарында. Мұндай позиция бірқатар мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясының заңнамаларында көрініс тауып, бұларда «толықтай немесе ішінара жоюға бағытталған әрекеттер» үшін құқықтық жауапкершілік қарастырылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 3. Lemkin R. Axis Rule in Occupied Europe: Laws of Occupation - Analysis of Government - Proposals for Redress. – Washington: D.C., 1944. – 342 p.
2. Барсегов Ю.Г. Геноцид армян – преступление против человечества (о правомерности термина и юридической квалификации). – Ереван: изд-во «Айастан», 1990. – 426 с.
3. Лебедева Н. С. Подготовка Нюрнбергского процесса. – М., 1975. – 238 с.
4. Амабарян А., Степанян С. Геноцид армян. – Ереван: изд-во «Гитутюн», НАН РА, 1995. – 418 с.
5. Армяндар геноциді өлімінің статистикасы // <http://www.armeniangenocide.org/genocidefaq.html>. (17.12.2014ж.)
6. Киракосян Д. Младотурки перед лицом истории. – Ереван: изд-во «Айастан», 1986. – 327 с.
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226 – V // Алматы «ЮРИСТ».- 2015.
8. Кибальник А.Г. Введение в международное уголовное право. – Ставрополь, 2001. – 478 с.
9. Фисенко И.В. Борьба с международными преступлениями в международном уголовном праве. – Минск, 2000. – 336 с.
10. Беляев Н.А. Цели наказания и средства их достижения в исправительно-трудовых учреждениях. – Л., 1963. – 147 с.
11. Римский Статут Международного Уголовного суда от 17 июля 1998 года // Сборник международных договоров. Универсальные Договоры. ООН. – NY.: Geneva, 1999. – Т.1,- ч.1-2.

УДК 347.44:004

НОВЫЙ ПОРЯДОК (ПРАВИЛА) ЗАКЛЮЧЕНИЯ ДОГОВОРОВ В СФЕРЕ ЭЛЕКТРОННОЙ ТОРГОВЛИ В РК

Оразбаев Аскар Бахытжанович

policy_87@mail.ru

магистрант 2 курса юридического факультета
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – С.Б. Жаркенова